

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның 2025 жылдың 01 сәуірінен – 2026 жылдың 20 мамыр аралығындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді бойынша ішкі талдау жүргізу қортындысы бойынша талдамалық анықтамасы

Атырау қаласы

22 мамыр 2026 жыл

Ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме:

1. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»;
2. ҚР «Конституциясы»;
3. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы;
4. ҚР «Еңбек Кодексі»;
5. 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
6. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;
7. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылдың 04 желтоқсандағы №434-V Заңы;
8. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы;

Ішкі талдау нысанасы қызметінің талдау мерзімі: 2025 жылдың 01 сәуірінен – 2026 жылдың 20 мамыр аралығы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне сәйкес, «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдау жүргізу үшін 2026 жылғы 17 сәуірдегі №128 ж/к бұйрықпен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Төраға, жұмыс тобының жетекшісі: – мекеме директорының медицина жөніндегі орынбасары С.Г Жолдыбаев;

Жұмыс тобының мүшелері:

- 1) Кәсіподақ төрайымы – А.А Зиманова
- 2) Персоналды басқару маманы – А.А Арыстанбаева;
- 3) Материалдық есепші – С.С Аймуханова;
- 4) Бас мейірбике - Т.Ж Губайдуллина;
- 5) хатшы, заңгер-комплаенс офицер- М.У Шаймарданова

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Өткен 2025 жылдың 01 сәуірінен 2026 жылдың 20 мамыр аралығында қабылданған қан орталығының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
4. Мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
5. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
6. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде туындайтын басқа да мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
7. Қаржы- шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Өткен 2025 жылғы 01 сәуірінен 2026 жылғы 20 мамыр аралығында қабылданған қан орталығының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

-Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның емдеу сауықтыру мекемелеріне сапалы қан өнімдерін дайындайды. 2025 жылы қан компоненттеріне 9181 доза жасалды, свежемороженая плазма лейкофильтрованная карантинизированная орындалғаны 9329 доза, криопреципитат 1412 доза, тромбоциты аферезные вирусинактивированные орындалғаны - 992 доза, 2026 жылдың 01 қаңтарынан 30 сәуір аралығында қан компоненттеріне 3045 доза жасалды, свежемороженая плазма лейкофильтрованная карантинизированная орындалғаны 3129 доза, криопреципитат 344 доза, тромбоциты аферезные вирусинактивированные орындалғаны-334 доза. 2026 жылдың 01 қаңтар мен 30 сәуір аралығында Атырау облыстық қан орталығында қан тапсыруға 3751 өтініш болған. 3141 донор қан тапсырды. Донация құрылымында 2026 жылы донациялардың пайыздық қатынасы: қан донациясы 2987, жасуша донациясы 154 құрайды.

Кәсіпорын өз қызметінде жүзеге асыратын негізгі заңнамалық актілер: «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, «Қазақстан Республикасының Салық және бюджет Кодекстері», «Мемлекеттік мүлік туралы Заң», «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы», ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары, Жарғы, Орталықтың ішкі нормативтік құжаттары (ережелер, Нұсқаулықтар, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелері).

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу;
- денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен және қорлармен бірлесіп халық арасында донорлықты насихаттау және үгіттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- қан дайындау жөніндегі жұмысты жетілдіру, қанның жаңа компоненттері мен препараттарының насихаттау және денсаулық сақтау мекемелерінің практикасына енгізу;

- медициналық ұйымдарды қан компоненттерімен және препараттарымен, иммунногематологиялық тестілеу үшін диагностикалық реагенттерімен қамтамасыз ету, оларды тасымалдау, сақтау және пайдалану ережелерін бақылау;
- Қан орталығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- кәсіпорын жүзеге асыратын қан компоненттерін бақылауды жүзеге асыру;
- инфекцияларға (В және С гепатиттері, АИТВ, мерез) зертханалық тестілеуді жүзеге асыру, имуннологиялық, гематологиялық, биохимиялық, иммунногематологиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Кәсіпорынның Жарғысы, Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін құқықтық актілер іріктеліп талданды.

Кәсіпорынның заңгері тұрақты негізде орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық актілерді өзектендіруді жүргізеді.

Нормативтік құқықтық актілерді жұмыста уақытылы және тиісінше қолдану мақсатында жаңадан шығарылған, өзгертілген және күші жойылған актілер туралы ақпарат орталықтың қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормаларды, жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарды талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормалар анықталған жоқ. Аталған актілерге енгізуді, өзгерістермен толықтыруларды талап ететін қайшылықтар жоқ.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарын талдау барысында дискрециялық (лауазымды адамдардың өз қалауы бойынша шешім қабылдау) өкілеттіктер анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдігін жасауға нақты ықпал ететін нормалар анықталмады, бірақ орталықтың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылады. Сондай-ақ, қарама-қайшылықтардың туындауын болдырмау үшін ішкі нормативтік құжаттардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне мерзімді мониторинг жүргізу қажет.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылғы 01 сәуір 2026 жылғы 20 мамыр аралығында штаттық саны 116,5 бірлікті құрайды. Оның ішінде штат бойынша дәрігерлік құрам 20,0, орта медициналық персонал 53, кіші буын персоналы 17,0, өзгеде персонал-18,5, әкімшілік-шаруашылық персоналы-8,0 бірлік. Көрсетілген кезеңде теріс себептер бойынша жұмыстан босатылғандар анықталған жоқ. Ішкі талдаумен қамтылған қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлер белгіленген мерзімде кадрларды міндетті қайта даярлаудан және біліктілігі арттырудан өтеді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық нормаларды талдау нәтижелері бойынша ішкі нормативтік құжаттар құжаттар шеңберінде кадр саясатына сәйкес жүзеге асырылады:

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК ішкі еңбек тәртібі;
«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның жұмыс берушімен қызметкерлер арасындағы ұғымдық шарт;

Қолданыстағы заңнаманы бұзу және бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыстар, қылмыстық қылмыстар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, қызметкерлер арасындағы жанжал фактілері тіркелмеген. Талданып отырған кезеңде кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тарту фактілері жоқ.

Кәсіпорынның бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іздестіру интернет-ресурста орналастыру арқылы жүзеге асырылады www.enbek.kz.

4. Мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 2025 жылғы 01 сәуір 2026 жылғы 20 мамыр аралығындағы келесі сатып алулар жүзеге асырылды:

Баға ұсыну арқылы-135

Конкурс- 8

Аукцион-0

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден -14

Өтпей қалған сатып алу бойынша бір көзден-72

Келісім шарт бұзу-6

Бір көзден алу әдісімен сатып алу және баға ұсыныстарын сұрату кезінде тандау үшін негіз жеткізушілердің баға ұсыныстары болып табылады. Бағасы төмен әлеуетті жеткізушіге басымдық беріледі.

Сот органдарына мемлекеттік сатып алу келісім шарттары бойынша 2025 жылғы 01 сәуір 2026 жылғы 20 мамыр аралығындағы 6 талап арыз жіберілді, соның ішінде 3 талап арыз қанағаттандырылды, қалған 3 талап арыз қаралуда.

«Мемлекеттік сатып алудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша мүдделер қақтығысы немесе қызметкерлердің жеткізушілермен және мемлекеттік сатып алуға қатысушылармен өзара келісімділіктер фактілері анықталған жоқ.

5. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде даулы жағдалайлар фактісі тіркелген жоқ. «Мүдделер қақтығысының туындайтын өзге де мәселелер» пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болу фактісі анықталмаған, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффирлену фактілері анықталған жоқ. Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының (олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынатын, сондай-ақ жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының тікелей бағынысындағы жұмыскерлердің бірлескен қызметі (жұмысы) - жоқ. 2025 жылғы 01 сәуір 2026 жылғы 20 мамыр аралығындағы лауазымды тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген (оның ішінде коммерциялық ұйымдарды сенімгерлік басқаруға беру және т.б.) қабылданған

сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу жағдайлары анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағығысты мемлекттік лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорынның қызметкерлері ішкі құқықтық құжаттармен (нұсқаулықтармен, ережелермен және т.б) таныстырылған.

6. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде туындайтын басқа да мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық анықтау» бағыты бойынша қызметкерлердің мүдделер қақтығысының немесе басшыға қатыстылығының фактілері анықталмады, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу жағдайлары анықталған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарына қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

7. Қаржы- шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықтың қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Құрылымдық бөлімшелер өз міндеттерін орындау кезінде келесі ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

1. Info Donor;
2. 1С Бухгалтерия бағдарламасы;
3. Ресурстарды басқару жүйесі,
4. Медициналық техниканы басқару жүйесі;
5. Электрондық құжат айналымына арналған жүйе;

Аталған ақпараттық жүйелер штаттық режимде жұмыс істейді. Ақпараттық жүйелерді пайдалануға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қортынды:

Талдау нәтижесі бойынша «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныстар:

- 1) Ішкі талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық талдауын жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері қабылданатын ішкі актілерге оларды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізуді;
- 2) Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу үнемі;
- 3) Талдамалық анықтаманы және іс шаралар жоспарын бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде орталықтың сайтында орналастырылсын;

4) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындау бойынша орталық қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастыру. Осы мақсатта түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде өткізуін ұйымдастыру;

Жұмыс тобының жетекшісі:

Жұмыс тобының мүшелері:

[Handwritten signatures of S.G. Zholdybaev, A.A. Zimanova, A.A. Arystanbaeva, S.S. Aymukhanova, T. Gubaidullina, and M. Shaimardanova]

С.Г Жолдыбаев

А.А Зиманова

А.А Арыстанбаева

С.С Аймуханова

Т.Губайдуллина

М.Шаймарданова

Комплаенс офицер:

[Handwritten signature of J. Bakhonov]

Ж.Бахонов

«Келісілі»

«Атырау облыстық қан орталығы»

ШЖҚ КМК-ның директоры

